




## ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ КЛИМАТЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒЫ МАМЫР АЙЫНЫҢ АЙЛЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

*Қазақстан аумағындағы орташа айлық ауа температурасы және  
атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аномалиялары*

Бюллетень мемлекеттік органдарды, салалық ұйымдарды, ғылыми қауымдастықты және басқа да мүдделі пайдаланушыларды Қазақстан аумағындағы қазіргі климаттық жағдайлар туралы жедел ақпараттандыруға арналған.

### ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2026 жылғы мамырда орташа айлық ауа температурасы климаттық нормадан **1,37 °C жоғары болды.**
- Жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан төмен болып, нормадан **(-0,95 мм) құрады.**



1-сурет – 1941–2026 жж. кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша мамыр айындағы орташа ауа температурасы (а) (°C) пен атмосфералық жауын-шашын (б) (%) аномалияларының уақыттық қатарлары. Аномалиялар 1991–2020 жж. базалық кезеңіне қатысты есептелді

## АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ


Мамыр айындағы ауа температурасының уақыттық қатарларын талдау ауа температурасының теріс және оң аномалияларының кезектесіп отыратынын көрсетеді (1-сурет, а). Ауа температурасының 2026 жылғы мамырдағы орташа көрсеткіші климаттық нормадан 1,37 °С-қа жоғары болды. Ұқсас оң аномалиялар бұрынғы бақылау жылдарында (1944, 1984, 2010) да тіркелді. Бүкіл бақылау кезеңі бойынша 2021 жылғы мамыр ең жылы ай болып қала берді.

Мамыр айында Қазақстанда ауа температурасының оң ауытқулары байқалды (2-сурет). Ең жоғары аномалиялар

(2,5–3,1 °С) ел аумағы бойынша оңтүстік-батыс, орталық және солтүстік аймақтарда байқалды.

Жоғарыда аталған өңірлерде орналасқан төрт метеорологиялық станция 95–100% аспау ықтималдығымен «экстремалды жылы» градацияға кірді.

Ауа температурасының теріс аномалиялары Манғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарында (–0,1 °С-тан –1,2 °С-қа дейін), сондай-ақ Абай облысында (–0,2 °С) бақыланды. Елдің батыс, солтүстік-шығыс, шығыс, орталық және оңтүстік бөліктерінің кейбір аймақтарында ауа температурасы климаттық нормаға сәйкес болды.



2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы мамыр айындағы орташа айлық ауа температурасы (°С) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

## АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАҢБЫР

2026 жылғы мамырда жауын-шашын мөлшері климаттық орташа көрсеткіштен төмен болып, нормадан (–0,95 мм) құрады.


Мамырдағы жауын-шашын аномалияларының уақытша қатарларын талдау құрғақ және ылғалды кезеңдердің алмасуы және соңғы екі жыл бойы жауын-шашын тапшылығы сақталды.

2026 жылғы мамырда ел аумағы бойынша жауын-шашын мөлшері біркелкі таралмады (1-сурет, б).

Жауын-шашын мөлшерінің нормадан 120 %-дан астамы елдің батыс аймақтарында, Қостанай облысының солтүстік және оңтүстік бөлігінде, Ақмола мен Павлодар облыстарының солтүстігінде, сондай-ақ оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарда және Қызылорда облысында жергілікті бөліктерінде тіркелді. Елдегі батыс, солтүстік және оңтүстік аймақтардың кей жерлерінде нормадан 211–409 % аралығындағы ең жоғары көрсеткіштер тіркелді. Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Жамбыл және Алматы облыстарындағы алты метеостанция деректері бойынша

«экстремалды ылғалды» жағдай сипатталып, 5 % экстремумдар тіркелді Жауын-шашын тапшылығы Жамбыл облысында, сондай-ақ Қарағанды мен Шығыс Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Ақмола мен Павлодар облыстарының шығыс бөлігінде, сондай-ақ Ұлытау мен Жетісу облыстарында байқалды. Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында да жауын-шашын тапшылығының шағын ошақтары байқалды.

Қарағанды (Қарағанды облысы) және Жалаңашкөл (Жетісу облысы) метеостанциялары деректеріне сәйкес «экстремалдық құрғақ» градацияға енді (5% экстремумдар тіркелді)



3-сурет. 2026 жылғы мамырдағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің (1991–2020 жж. кезеңге есептелген норма % бойынша) және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)

«Қазгидромет» РМК Ғылыми-зерттеу орталығының Климатты зерттеу бөлімімен дайындалды (Астана қ.)

Шығарылымға жауапты:  
Ж. Дюсенова – ҒЗО КЗБ жетекші ғылыми қызметкері  
Н. Абдолла – ҒЗО КЗБ жетекші инженері